

Диссертациялық кеңестің диссертация қорғау жөніндегі отырысын өткізу тәртібі төмендегілерді қамтиды:

- отырыстың кворумы мен оны өткізу құзыреттілігі туралы, докторантты, білім беру бағдарламасын және диссертация тақырыбын таныстыру жөніндегі төрағаның кіріспе сөзі;
- докторант құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігі, ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігі туралы мәліметтерді жариялау үшін ғылыми хатшының баяндамасы;
- докторанттың баяндамасы (20 минутқа дейін);
- докторантқа қойылған сұрақтар және докторанттың жауаптары;
- ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі;
- ресми рецензенттердің сөз сөйлеуі;
- докторанттың ресми рецензенттердің ескертулеріне берген жауаптары және олардың ұсынымдары бойынша қорытындылары;
- бейресми рецензенттердің сөз сөйлеуі;
- докторанттың бейресми рецензенттердің ескертулеріне берген жауаптары және олардың ұсынымдары бойынша қорытындылары;
- диссертациялық кеңес мүшелерінің пікірталасы;
- ғылыми дәрежені беру туралы өтінішхат бойынша жасырын дауыс беру өткізу;
- жасырын дауыс беру нәтижелері туралы есеп комиссиясы төрағасының баяндамасы және есеп комиссиясының хаттамасын бекіту;
- жария қорғау нәтижелерін жариялау;
- қорғау қорытындылары негізінде диссертация бойынша диссертациялық кеңестің қорытындысын қабылдау;
- докторанттың қорытынды сөзі.